# РЕКОМЕНДАЦИИ
# по организации сельского гостевого дома

# Ауылдық жерде қонақжай ұйымдастыру мәселелері бойынша ҰСЫНЫМ



**ПРОГРАММА**
**«Золотой Алтай – богатство для развития региона»**
**при поддержке Европейской Комиссии и Акимата ВКО**

**ШҚО әкімдігінің және Еуропалық комиссияның қолдауымен жүзеге асырылып жатқан «Алтын Алтай - аймақ дамуының басты байлығы» жобасының**
**БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Проект поддержан Европейским Союзом**



## ВВЕДЕНИЕ
## Что такое «сельский туризм» и «гостевой дом»?

В этой небольшой книге мы постараемся кратко рассказать всё, что мы знаем о «сельском туризме» и «гостевом доме». Наш опыт коммерческого туризма насчитывает около 20 лет. В 2014 г. по Программе «Золотой Алтай – богатство для развития региона», поддержанный Еврокомиссией и Акиматом ВКО, мы прошли месячную стажировку в Венгрии, Словакии, Чехии, Германии, Австрии и России по теме «Сельский туризм». Получен богатый опыт.

«Сельский туризм» - это когда туристы приезжают в деревню, останавливаются в деревенском доме («гостевом доме») и наслаждаются деревенской жизнью. – Тишиной, покоём, деревенской здоровой пищей, общением с хозяевами, домашними животными, пешими и конными прогулками, экскурсиями к местным достопримечательностям, на рыбалку. Занимаются сбором грибов и ягод.

Приезжают семьями, много пожилых людей.

Хозяева такого «гостевого дома» выделяют туристам 1-2 комнаты, готовят им пищу, проводят экскурсии.

Такой «сельский туризм» последние годы очень популярен не только в европейских странах, но и в России и Казахстане.

Следует отметить, что мы рассматриваем «идеальный вариант» «гостевого дома», который рассчитан на среднего городского туриста. В реальной жизни могут быть отклонения в ту, или иную сторону. Главное, - Вы должны точно и без прикрас заранее сказать Вашим гостям об условиях, которые их могут ожидать. Отсюда будет складываться и цена за проживание, и Ваши дальнейшие отношения с туристами.



## КІРІСПЕ
## «Ауылдық туризм» және «қонақжай» дегеніміз не?

Біз бұл шағын кітапшада «Ауылдық туризм» мен «қонақжай» туралы білетінімізді қысқаша түрде баяндауға тырысатын боламыз. Біздің ақылы туризм саласындағы тәжірибеміз 20 жылға жуықтайды. 2014 жылы «Алтын Алтай - аймақ дамуының басты байлығы» бағдарламасы бойынша ШҚО әкімдігінің және Еуропалық комиссияның қолдауымен Венгрия, Словакия, Чехия, Германия, Австрия және Ресейде «ауылдық туризм» тақырыбында бір айлық тағылымдамадан өтіп қайттық. Бұл сапар біз үшін үлкен тәжірибе болды.

«Ауылдық туризм» дегеніміз - ауылға келген туристтің ауылдағы үйге тоқтауы (қонақжайға), тоқтауы ғана емес, ауыл өмірімен, ауыл тіршілігімен рахаттануы. Тыныштық, ауылдың қуатты тағамы, үй иесімен және үй жануарлармен қарым-қатынас, атпен және жаяу серуендеу, жергілікті құндылықтарға экскурсия жасау, балық аулау. Саңырауқұлақ және тағы басқа да жеміс-жидектерді теруге бару.

Көптеген қарт адамдар демалуға отбасыларымен бірге келеді. Қонақжайдың иесі туристерге 1-2 бөлме береді, тамақтарын әзірлейді, экскурсия ұйымдастырады.

Мұндай «ауылдық туризм» соңғы жылдары тек Еуропа мемлекеттерінде ғана емес, Қазақстан мен Ресейде де жақсы танымал бола бастады. Біздің қарастырып жатқан «қонақжайдың» ең оңтайлы нұсқасы тұрмыстық деңгейі орташа қалалық туристерге арналғанын естен шығармаңыз. Әрине, шынайы өмірде әртүрлі жағдайлар орын алуы да мүмкін. Ең бастысы, Сіз қонағыңызға оны алда не күтіп тұрғанын, оған қандай жағдайлар жасалатынын жасырмай, алдын ала айтқаныңыз жөн. Қонақтың жатын орын үшін төлейтін төлемақысы, сіздің онымен әрі қарайғы қарым-қатынасыңыздың қалайша өрбитіні осы сәттен басталады.



## ТУРИСТЫ: КТО И ОТКУДА.

### Что они хотят. Сельская жизнь. Домашняя пища. Домашние животные. Природа. История этих мест.

К нам едут туристы. Откуда они? - 90% из Казахстана. Остальные – из России. И единицы из европейских стран: Германии, Австрии, Голландии, Франции.

5 лет назад Казахстан провозгласил туризм приоритетным направлением развития экономики страны. И многие состоятельные граждане откликнулись на это.

Для многих из них посещение Катона, Маркаколя, Риддера, Зайсана является открытием. Это, оказывается, не только не хуже зарубежных курортов Египта, Турции или Арабских Эмиратов, но и лучше! Интереснее! Ближе и роднее! Не даром территории Катон-Карагайского национального парка и Маркакольского заповедника включены в Список Всемирного Природного Наследия ЮНЕСКО. Эти территории являются уникальным достоянием мировой общественности и подлежат особой охране. Таких территорий на Земле не много. А если учесть малолюдность и хорошую сохранность природы, что является редкостью в наше время, то ценность наших территорий возрастает во много раз.

Большую роль играет то, что казахи, как правило, с большой любовью и уважением относятся к своим национальным родовым корням, традициям,



## ТУРИСТЕР: ОЛАР КІМДЕР, ҚАЙ ЖАҚТАН?

### Олар нені қалайды? Ауыл өмірі. Үй тағамдары (сүт және т.б). Үй жануарлары. Табиғат. Бұл жердің тарихы.

Бізге туристер келеді. Қай жақтан? Тоқсан пайызы – Қазақстаннан, қалғаны – Ресейден. Германия, Австрия, Голландия, Франция секілді Еуропа елдерінен де бірен-саран туристер келеді.

Осыдан 5 жыл бұрын Қазақстан туризм саласы ел экономикасының негізгі, басым бағыттарының біріне айналатынын мәлімдеді. Көптеген ауқатты азаматтар бұған үн қосып, қолдау білдірді. Олардың көпшілігі үшін Катон, Марқакөл, Риддер мен Зайсанға келу, көру үлкен жаңалық ашумен бірдей болды. Олар бұл жерлердің Египет, Түркия және Араб Эмираттарындағы курорттардан асып түспесе, кем түспейтініне көз жеткізді. Қызықты. Әрине, Марқакөлдегі қорық пен Катонқарағайдағы ұлттық саябақ аумағы бекерден бекер ЮНЕСКОНЫҢ Бүкіләлемдік табиғи мұралар тізіміне енгізілмесе керек.

Бұл аймақтар тек біздің еліміздің ғана емес, әлемдік қауымдастықтың құндылығы саналады және ерекше қорғауға алынған. Мұндай көрікті жерлер әлемде саусақпен санарлық. Ал егер бұл жерлердегі адамдардың аздығы мен табиғатының тамаша сақталғанын ескерсек, біздің аймақтың құндылығы мен бағасы бірнеше есеге арта түсетіні сөзсіз.







истории. Помнить свою родословную до седьмого колена – святая обязанность каждого казаха.

Связь со своей Землёй, традициям, погружение в ту, «настоящую» домашнюю, добрую традиционную атмосферу, - вот цель визита к Вам в деревню, аул. В Ваш дом.

Предоставьте им это.

Большую роль играет натуральная пища: настоящее молоко, кумыс, яйца, мясо, овощи и фрукты, выращенные без применения удобрений и «химии». То, чего нет в городе.

Большое значение, особенно для детей, играет общение с животными. Прогулки верхом на лошадях приводят в восторг и детей, и взрослых!

Особое значение имеет наша уникальная природа. Алтай по своей красоте и уникальности природы, относится к 200 объектам мирового значения.

Истрия края – важная достопримечательность, играющая большую роль для туристов.

Қазақтардың өзінің ата тегіне, дәстүрі мен тарихына үлкен махаббатпен, ерекше құрметпен қарайтындығы бұл жерде ерекше рөл атқарады. Жеті атасын жетік білу – әр қазақтың қасиетті борышы.

Өз жерімен, дәстүрімен байланыс, нағыз бір жергілікті дәстүрлі үрдіске бойлау – міне, Сіздің ауылыңызға, Сіздің үйіңізге келудің басты мақсаты болып табылады.

Олардың көзіне осыны елестетіп көріңізші.

Сүт, қымыз, жұмыртқа, ет, тыңайтқыштар қолданылмай өсірілген жеміс-жидектердің, яғни, қаладан табыла бермейтін табиғи тағамдардың маңызы ерекше. Әрине, балалар үшін жануарлармен ойнаудың орны бөлек, әсері де айрықша. Атпен серуендеудің үлкендер үшін де, балалар үшін де ерекше әсер сыйлайтыны айтпаса да түсінікті.

Тамаша табиғаттың аясы адамға қай кезде де ерекше күш-қуат береді, жаныңды сергітеді. Алтай табиғатының әсемдігімен, ешбір жерге ұқсамайтын ерекшелігімен әлемдегі айрықша маңызға ие 200 нысанның қатарына енгені белгілі.

Өлке тарихы туристер үшін ерекше құндылық болып табылады.



## ТУАЛЕТ

Очень важным объектом Вашего гостевого дома является, как ни странно, туалет. Поэтому мы поставили его первым в этом списке требований к «гостевому дому»

Турист приезжает к Вам из города. Он привык к городскому туалету, к соответствующей позе. Многие видят сельский туалет впервые и им непривычно пользоваться на корточках. Я уже не говорю про иностранцев из Европы. Это для них – экзотика. Причём таким сельским туалетом многие даже здоровые люди просто не смогут пользоваться. Я уже не говорю про пожилых людей и инвалидов.

В туалете должно быть очень чисто!

В идеальном случае у Вас должно быть 2 туалета: во дворе и в доме.

### Туалет во дворе

Туалет должен быть оборудован специальным сидячим местом (Рис. 1). Оно сделано в виде ступеньки из досок высотой 40 см (высота унитаза) с отверстием размером чуть больше отверстия крышки унитаза. Сверху крепится крышка унитаза. Человеку в этом случае привычно и удобно (Рис.2). Размеры ступеньки приведены на Рис. 3.

Помещение туалета должно быть достаточно просторным. В качестве удобного туалета приводим такие размеры: высота – 215 см, ширина – 112 см, глубина – 150 см.

С внешней стороны сзади будки туалета крепится труба для вытяжки воздуха и неприятного запаха. Трубу можно сделать из досок и покрасить в

## ДӘРЕТХАНА

Қанша жерден таңғалсаңыз да, дәретхана Сіздің қонақжайыңыздың маңызды нысаны болып саналады. Сондықтан да оны «қонайжайға» қойылатын талаптардың алғашқысына қойып отырмыз.

Сізге қаладан бір турист келді делік. Әрине, ол барлық талапқа сай келетін қаладағы дәретхананы пайдаланып үйренген. Олар ауылдағы дәретхананы алғаш рет көреді және оларға жүрелеп отырудың қолайсыз көрінетіні де рас. Мен бұл жерде Еуропадан келетін туристерді айтып тұрған жоқпын. Олар үшін бұл – экзотика. Оның үстіне мұндай ауылдық дәретханаларды қарт адамдар мен мүгедек жандарды айтпағанда дені сау адамдардың өзі пайдалана алмайды.

Дәретхана мұнтаздай таза болуы қажет.

Мүмкіндік болса, Сізде екі дәретхана болғаны лəзім. Бірі – аулада, бірі – үй ішінде.

### Ауладағы дәретхана

Бұл дәретхана отыруға ыңғайлы жабдықпен жабдықталғаны жөн (1 сурет). Ол биіктігі 40 см болатын (унитаздың биіктігі) тақтайдан унитаз қақпағының тесігінен сәл ғана үлкен етіліп ойылып басқыш түрінде жасалған. Жоғарғы жағына унитаздың қақпағы бекітіледі. Бұл адамдарға үйреншікті әрі қолайлы (2 фото). Баспалдақтардың көлемі 2 суретте көрсетілген.

Дәретхананың іші кең болғаны дұрыс. Қолайлы дәретхана ретінде мынадай көлемді ұсынамыз: биіктігі – 215 см, ені – 112 см, тереңдігі – 150 см.

Дәретхананың артқы жағынан ішке таза ауа келіп әрі жағымсыз иістерді кетіру үшін кішкене түтік орнатқан дұрыс. Оны шағын тақтайшадан жа-




*Рис.1. Схема удобного туалета*



*Рис.2. Пример внутреннего устройства туалета*







*Рис.3. Внутренние размеры удобного туалета и сидячего места*

чёрный цвет. В этом случае она будет лучше нагреваться солнцем, и тяга воздуха будет лучше.

Для удаления неприятного запаха в туалете применяют обычную древесную золу, которую насыпают в туалет на экскременты.

В туалете должна быть всегда хорошая туалетная бумага. Не жалейте на неё денег!

Из гигиенических соображений очень хорошо построить отдельный туалет для туристов. В этом случае им будет спокойней и приятней.

## Туалет в доме

Как показала наша практика, в доме также необходим туалет, который я называю «ночным туалетом». Он необходим особенно ночью в плохую погоду (дождь, снег, ветер), для больных и пожилых людей, детей и инвалидов. Это классический биотуалет, который можно легко и очень дёшево сделать самим. У нас он стоит в кладовке.

Биотуалет (Рис. 4) состоит из деревянного короба (высота 40 см) с крышкой с отверстием, обычного пластмассового ведра, крышки для унитаза и пакета для мусора. Крышка короба крепится на шарнирах для удобства. В качестве бионаполнения и устранения запаха используются обычные древесные опилки.

Ведро ставится в короб. В ведро вставляется пакет для мусора (длина 65 см). Сверху крепится крышка унитаза. Края пакета легко крепятся декоративными гвоздями в заранее приготовленные отверстия в краях деревянного короба. Сверху это закрывается крышкой унитаза.

Заранее в ведро насыпаются опилки (примерно 0,7 л). Опилки насыпаются и после проведения соответствующей процедуры. В этом случае нет никакого неприятного запаха даже в тёплую погоду.

Опоражнивается туалет по мере необходимости. Вы берёте полиэтиленовый пакет с содержимым и относите на огород. Что очень полезно для растений.

В кладовке всю ночь для удобства горит энергосберегающая маломощная лампочка.

сап, қара бояумен бояп қоюға болады. Біріншіден, бұл – күннің қызуын жақсы қабылдаса, екіншіден, ауаны жеңіл өткізетін болады.

Дәретханадағы жағымсыз иістерді кетіру үшін кәдімгі ағаш күлін қолдануға да болады.

Дәретханадағы дәретхана қағазының сапалы болғаны жөн. Ол үшін ақшаңызды аямаңыз.

Гигиеналық талаптарды сақтау үшін туристер үшін жеке дәретхана салып қойсаңыз да артықтық етпейді. Мұндай жағдайда оларға жайлы әрі қолайлы болады.

## Үй ішіндегі дәретхана

Біздің тәжірибе көрсеткендей, үй ішіндегі дәретхана да туристер үшін аса қажет. Мұны мен «түнгі дәретхана» деп атаймын. Бұл, әсіресе, түн мезгіліндегі қолайсыз ауа-райында (жаңбыр, қар, жел) сырқаттанған, қарт адамдар, балалар мен мүгедек жандар үшін аса қажет. Бұл классикалық биодәретхананы өте жылдам әрі арзан бағаға өзіңіз де жасап алуға болады. Бізде ол кладовкада тұрады.

Биодәретхана (3 сурет) қақпағы тесілген ағаш қораптан (биіктігі – 40 см), кәдімгі пластмасса шелектен, қақпағы бар унитаздан және қоқыс салатын пакеттен тұрады. Қораптың қақпағы қолайлы болуы үшін шарнир бекітіледі. Биотолтыру және иісті кетіру үшін ағаш жоңқаларын пайдалануға болады.

Шелек қорапқа орнатылады. Шелекке қоқыс пакеті кигізіледі (ұзындығы 65 см). Пакеттің жиектері ағаш қорап жиектерінде алдын ала дайындалған тесіктерге сәндік шегелермен бекітіледі. Мұның жоғарғы жағы унитаз қақпағымен жабылады.

Шелекке алдын ала ағаш жоңқалары (шамамен 0,7 литр) себіледі. Тиісті талаптарды жүзеге асырғаннан кейін де жаңқаларды себуге болады. Мұндай жағдайда, тіпті, жылы ауа-райында ешқандай жағымсыз иіс болмайды. Дәретхана қажеттілікке орай тазартылып отырады. Сіз қолыңызға полиэлитенді пакетті алып, бақшаға апарасыз. Мұның өсімдіктер үшін де пайдасы мол.

Кладовкада қолайлылық үшін шағын қуатты энергия үнемдегіш шамдардың түні бойы жанып тұрғаны дұрыс.

## ТРЕБОВАНИЯ К ГОСТЕВОМУ ДОМУ

Как правило, гостям отводится 1-2 комнаты для проживания в доме. В Катоне в летнее время пользуются летней кухней, что значительно облегчает обслуживание туристов и приготовление пищи.

В комнате должно быть чисто и опрятно. Очень хорошо, если будет стоять букет цветов. Но в этом случае нужно согласовать с гостями, - у них может быть аллергия к этим цветам.

Кровати мы заказывали у местного мастера-столяра из натурального дерева. Это значительно дешевле, чем купить в магазине, экологично и больше ценится у туристов. Их можно покрыть бесцветным лаком. Так дерево выглядит естественнее и привлекательнее. Размеры кровати у нас следующий: длина 200 см, ширина 90 см, высота без матраца 35 см. В качестве матраца мы использовали поролон толщиной 10 см. Это дёшево и удобно. На таких кроватях удобно спать. Сверху матрац покрыт наматрасником из плотной ткани (ситец, бязь). Искусственные ткани лучше не применять.

Постельное бельё играет большую роль. Желательно, чтобы оно было из хлопка. Чистое и свежее. Одеяло подбирается в зависимости от температуры в помещении.

Остальная мебель у нас тоже сделана местным мастером. Это обыкновенные деревенские шкафы, лавки, табуретки, тумбочки и др. Что обошлось нам не дорого и выглядит приятно и необычно.

Хорошо, если у Вас будут лежать на полу домотканые дорожки, национальные казахские ковры. Желательно, если они будут окрашены естествен-

## СІЗДІҢ ҮЙІҢІЗГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Әдетте қонақтарға жатып тұруы үшін үйдің 1-2 бөлмесі беріледі.

Катонқарағайда жаз мезгілінде жазғы ас бөлмесі пайдаланылады. Бұл туристерге қызмет көрсетуді ғана емес, тамақ әзірлеуді де жеңілдетеді.

Қонақ бөлмесі таза әрі жайлы болғаны жөн. Бөлмеге гүл дестесін қойып қойсаңыз тіпті жақсы. Тек мұны қонақтарыңызбен келісіп алғаныңыз жөн. Өйткені, олардың арасында гүлге аллергиясы бар адамдар да болуы мүмкін.

Табиғи ағаштан төсек жасау үшін біз жергілікті шеберге тапсырыс бердік. Бұл дүкеннен сатып алғаннан гөрі әлдеқайда арзанға түседі әрі экологиялық жағынан таза. Мұны туристер де ұнатады. Ағаш ешқандай жасандылықсыз әрі тартымды көрінеді. Біздегі төсек көлемі мынадай: ұзындығы – 200 см, ені – 90 см, биіктігі (матрацты қоспағанда) 35 см. Матрацтың орнына біз қалыңдығы 10 см болатын поролонды пайдаландық. Бұл - арзан әрі ыңғайлы. Мұндай төсекте жайлы ұйықтауға болады. Матрацтың үсті қалың матадан тоқылған жаймамен жабылады. Жасанды маталарды мүмкіндігінше қолданбаған дұрыс.

Төсек жабдықтарының да маңызы айрықша. Олар мүмкіндігінше мақтадан болғаны дұрыс. Таза әрі жұмсақ. Одеялдарды ғимарат ішіндегі температураға байланысты таңдаған ләзім.

Қалған жһаздарды да біз жергілікті шеберге жасаттық. Олар: ағаштан жасалған шкафтар, орындықтар, тумбочкалар және т.б. Бағасы арзан



*Комната для четырех человек в гостевом доме в Урыле*



*Комната для двух человек в гостевом доме в Урыле*



*На сеновале*

ными природными красками, а не анилиновыми.

На окнах прекрасно выглядят самодельные занавески с национальным колоритом.

Желательно, чтобы окна раскрывались - распахивались. Это хорошо для проветривания комнат.

Большинство туристов очень хорошо относится к тому, что нет телевизора, интернета и сотовой связи. - Многие дети «не могут жить без интернета» и бездарно проводят часы в интернете. Деловые люди мечтают «отключиться» от проблем «большого города» и мировых проблем.

Если у Вас появились постоянные «гости» - туристы, то очень хорошо к их следующему приезду повесть фотографии с их портретами. Им будет очень приятно. – Значит, Вы их помните и ждёте.

ғана емес, ең бастысы, сырт көзге әдемі әрі өзгеше көрінеді.

Үйіңіздің еденінде қолдан тоқылған алашалар, қазақтың ұлттық кілемдері жатса тым жақсы. Олардың анилиндімен емес, табиғи бояулармен боялғаны жөн. Терезелерге ұлттық нақыштағы перде ілінсе тіпті тамаша. Терезенің айқара ашылғаны дұрыс. Бұл бөлмені жақсы желдетуге мүмкіндік береді.

Туристердің көпшілігі демалған кезде теледидардың, интернеттің және ұялы байланыстың болмағанын дұрыс көреді. Өйткені, балалардың басым бөлігі интернетсіз «өмір сүре алмайды», уақыттарын интернет алдында босқа өткізеді. Іскер адамдар үлкен қаланың, бүкіл әлемнің проблемаларынан тыс болғанды аңсайды.

Егер Сізде тұрақты «қонақ», яғни, сенімді туристер пайда болса, келесі жолы олардың келер алдында фотосуреттерін, портреттерін қабырғаға іліп қойыңыз. Бұл оларды разы етеді, демек, сіз оларды ұмытқан жоқсыз және күтіп жүрсіз.



*Казахские ковры - настоящее украшение интерьера. Изделия мастера Гульнары Кожамжаровой*



*Один из гостевых домов, отремонтированный в традиционном для Липецкой области сельском стиле*



*Старые известняковые плиты в сенях, отполированные ногами многих поколений селян*





*Элементы конструкции типичных сельских домов Липецкой области, сохраненнные в гостевых домах*





*Оформление комнат в традиционном стиле: ситцеваые занавески, тканые коврики, самодельные лоскутные одеяла и подушки, старинная и простая самодельная мебель*





*Туалет, совмещенный с душем и раковиной, оборудованный электронагревателем воды и выгребной ямой во дворе*

*Примеры обустройства гостеавых домов в Усадьбе «Старая мельница», Липецкая область, Россия. Основное направление привлечения туристов - обучение верховой езде и конные выезды в поле, дополнительные - рыбалка, семейный отдых на природе.*



*Усадьба в селе Поперечное, регион Риддер, Казахстан. Для гостей предназначем небольшой коричневый дом справа. Хозяева живут в большом доме.*





*Оформление комнаты в гостевом доме с элементами традиционного стиля*



*Тканые коврики в комнате для гостей*



*Предметы утвари, придающие комнате традиционный сельский колорит*

## ЧЕМ И КАК КОРМИТЬ?

Это очень важный вопрос для многих людей. Особенно пожилых. Среди них могут быть и вегетарианцы, которые не едят не только мясо, но и яйца, рыбу. Мы встречали «жёстких» вегетарианцев, которые не ели даже постное масло (подсолнечное).

Вам обязательно надо в начале вашего знакомства расспросить их, что они едят. В казахской традиционной кухне много мяса и кисломолочных продуктов. В частности, баранины. Такая пища не привычна даже для казахов, живущих в городе.

Вам обязательно надо подавать зелень: укроп, петрушку, салаты из помидоров и огурцов, лука и пр. Это должно всегда стоять на столе.

Очень полезно иметь свой огород, который будет снабжать ваш стол свежими продуктами: огурцами, кабачками, луком, салатом, капустой, репой, редькой, морковкой, свёклой и др. Всё это хорошо растёт у нас в Катон-Карагае.

Сад будет также Вашим прекрасным помощников. Свежие яблочки, даже небольшие, вишня, смородина – всё это будет радовать Ваших гостей и повысит цену Вашего обслуживания.

Важной частью Вашего стола является деревенское молоко и всё, что из него готовят: сливки и сметана, творог, простокваша, настоящее домашнее масло. Очень хорошо, если Вы будете готовить свой домашний сыр. Замечательны свежие домашние яйца. А парное молочко утром и вечером!... А если ещё и с домашним самодельным хлебом на самодельных хмельных дрожжах!..

Полезно иметь хлебопечку. Она будет вашей замечательной помощницей, готовя вкусный и высококачественный хлеб по Вашим рецептам. Каждый день свежий и ароматный! В т.ч. ржаной и отрубной, что очень важно для некоторых Ваших гостей.

Кумыс – замечательный продукт! Но, к сожалению, его редко кто из туристов особо любит. То же



*Овощи со своего огорода*

## ҚАНДАЙ ТАМАҚПЕН ЖӘНЕ ҚАЛАЙ ТАМАҚТАНДЫРУ ҚАЖЕТ?

Бұл - көптеген адамдар үшін өте маңызды мәселе. Әсіресе, қарт адамдар үшін. Олардың ішінде етті ғана емес, жұмыртқаны да, балықты да жемейтін вегетариандар да болуы мүмкін. Біз тіпті өсімдік майын тұтынбайтын «қатал» вегетариандарды да кезіктіргенбіз.

Сіз қонақтарыңызбен танысқан кезде бірден олардың қандай тамақ жейтінін сұрап алғаныңыз дұрыс. Қазақтың дәстүрлі асханасында ет және қышқыл сүт өнімдерінің көп екені белгілі. Әсіресе, қой еті. Мұны қала қазақтарының көбі тұтынбайды.

Укроп, петрушка, қызанақ пен қиярдан, пияздан және тағы басқа да көкөністерден жасалған салаттардың қонақ үстелінде үнемі тұрғаны дұрыс.

Өз бау-бақшаңыздың болғаны тіпті жақсы, себебі, дастарханыңыз үнемі таза табиғи көкөністерге толы болады. Мәселен, қияр, орамжапырақ, пияз, шалқан, сәбіз, қызылша және т.б. Мұнда айтылып отырған көкөністердің барлығы біздің Катонқарағайда жақсы өседі.

Сондай-ақ, бақша да сіздің тамаша көмекшіңіз бола алады. Енді ғана піскен алма, шие, қарақат (тым көп болмаса да) – мұның барлығы сіздің қонақтарыңызды қуантып қана қоймай, Сіздің қызмет көрсетуіңіздің құнын жоғарылата түседі.

Сіздің дастарханыңыздың ең маңызды бөлігі ол - ауыл сүті және одан жасалатын кілегей, ірімшік, қаймақ, сарымай, айран сияқты өнімдер. Егер де сіз үй жағдайында ірімшік жасасаңыз, тіпті жақсы. Үй тауығының жұмыртқасы да туристер үшін таптырмас тағам. Таңертең және кешкі мезгілде сауылған сиырдың сүті қандай тамаша!.. Ал егер үй жағдайында ашытқы қосып пісірілген қол нанын қонақтарыңызға ұсынсаңыз, бұдан ұтпасаңыз, ұтылмайтыныңыз анық.

Нан пісіретін пешіңіздің болғаны артықтық етпейді. Осы пеш арқылы қонақтарыңызға жоғары



*Свой хлеб из хлебопечки*



*Обед на пасеке у Веры Павловны: вкуснейший плов и медовуха*

относится и к баранине. В частности, европейцы очень редко едят баранину. В этом случае говядина является беспроигрышным вариантом. То же курица. Её едят все.

Мёд, варенье из местных ягод (барбарики-жимолости, кислицы, клубники, черники), свежие ягоды – очень ценятся туристами. Можно (и лучше) не ставить конфеты на стол. Пусть это останется для города. Поставьте на стол сухофрукты: изюм, курагу, чернослив, орешки.

На завтрак, обычно, готовится каша (овсяная, манная). Подаются яйца (варёные или яичница), масло, молоко, сливки или сметана, творог, хлеб, варенье, мёд, зелень (салат, редиска). Очень хоро-

сапалы әрі дәмді нан ұсынған болар едіңіз. Әр күн сайын иісі аңқыған дәмді нан! Ғажап емес пе?! Сонымен қатар сіздің кейбір қонақтарыңыз үшін қара нанның да орны ерекше екенін естен шығармаңыз.

Қымыз – өте пайдалы сусын. Алайда, өкінішке орай оны көптеген туристер ұната бермейді. Бұл жәйт қой етіне де қатысты. Жалпы, еуропалықтар қой етін өте сирек тұтынады. Салыстырмалы түрде алғанда, сиыр еті мен тауық еті тиімді болып саналады. Өйткені, оны барлығы тұтынады.

Жергілікті жеміс-жидектерден жасалған тосаптар (саумалдық, бүлдірген, қара жидек) мен балды туристер өте жоғары бағалайды. Аталған тағамдар дастарханыңызда болса, үстелге кәмпит салмай-ақ



*Своя земляника и джем из нее*



*Мед - одно из сокровищ Алтая, привлекающих туристов*



*Обед из своих продуктов*



*Керамическая посуда хороша для сельского дома*

шо напечь к завтраку оладьи (со сметаной, вареньем и пр.).

Обед, обычно, согласуют с туристами. Очень хорошо в первый или второй день устроить праздничный обед или ужин и приготовить национальное блюдо: бешбармак, манты.

Очень любят туристы борщи, овощные супы, фаршированные творогом блинчики, творог со сметаной, мёдом, вареньем. На ужин хорошо приготовить какой-нибудь пирог, блинчики и т.п.

Чаи хорошо готовить с добавлением местных трав или только из них: кипрея - иван-чая, душицы, чабреца, чёрной смородины, малины, зверобоя и др.

Об алкогольных напитках (вино, пиво и др.) и деликатесах договариваемся заранее. Это не входит в смету проживания и оплачивается отдельно туристами. Или они сами привозят эти продукты.

В первый день «от хозяев» хорошо поставить казахстанский коньяк и пиво (наше фирменное «Сибинское»). Это настраивает на дружеский лад.

Накрывать на стол – сервировать можно по ситуации: по-европейски, или по-казахски. Для евро-

қоюға болады. Дастарханға мейіз, өрік, қара өрік, жаңғақ сияқты құрғақ жемістерді қойыңыз.

Әдетте, таңғы асқа ботқа дайындалады. Сонымен қатар таңғы асқа қуырылған жұмыртқа, май, сүт, кілегей, қаймақ, ірімшік, нан, тосап, бал, аскөк (салат, редиска) ұсынылады. Таңғы асқа қаймақ немесе тосап қосып пісірілген құймақ өте пайдалы.

Әдетте, түскі ас мәзірі туристердің қалауымен әзірленеді. Алғашқы күндері қонақтарыңызға түскі немесе кешкі асқа мерекелік сипатта бешбармақ, манты сынды ұлттық тағамдарды ұсынуға болады.

Туристер көкөністен жасалынған көжелер мен борщті де ұнатады. Әсіресе, олар ірімшік оралған құймақты, қаймақ, бал, тосап қосылған ірімшіктерді сүйіп жейді. Ал кешкі асқа пирог немесе құймақ және т.б тағамдарды ұсынуға болады.

Шайды жергілікті жерде өсетін кипрея-иван, қара қарақат, таңқурай, шайқурай сияқты жидектерден демдеуге болады. Алкогольді сусындар (шарап, сыра және т.б) және деликатес тағамдарға байланысты туристермен алдын ала келіскен дұрыс. Бұл жатын орын мен тамаққа төленетін сметаға



*Бешбармак в деревянном блюде*

пейцев более привычно, когда стоят тарелки, разложены ложки, вилки, ножи, салфетки.

Для наших соотечественников и россиян было бы интересно обедать за столом по нашим традиционным обычаям: есть из общего блюда, пользоваться касешками – пиалами, есть руками и т.д. Правда, супы – борщи придётся есть из индивидуальных тарелок.

Следует обратить внимание на такую деталь. Полезно организовать место для мангала со столом и лавками. Лучше под навесом. Рано или поздно Ваши гости захотят отведать шашлык или рыбу, запечённую в углях.

Очень здорово, если у Вас будет Ваше фирменное блюдо, которое будет украшением Вашего дома и Вашей визитной карточкой. Когда Ваши гости будут говорит: «А помнишь семью Балтабаевых, у которых был такой вкусный бешбармак и баурсаки?». Или: «А помнишь у Веры Павловны на пасеке была такая вкусная медовуха и мёд в сотах ?».

Следует обратить внимание на то, чтобы посуда была идеально чистой. В том числе для чая и спиртных напитков. И не жалейте салфеток.

кірмейді. Туристер бұған бөлек төлеуге тиіс. Немесе артық шығындалғысы келмесе, өздерімен бірге сол заттарды ала келуіне болады.

Алғашқы күні қожайындар қонақжайлық таныту әрі туристерді өздеріне жақындату, достасу мақсатында қазақстандық коньяк пен сыраны (біздің фирмалық «Сибинское» сырасын) тегін ұсынса артықтық етпейді.

Дастарханды еуропалық немесе қазақстандық үлгіде жасауға болады. Бірақ, көбінесе, еуропалық туристер үшін тарелканың жанында шанышқы, қасық, пышақ, сүлгінің тұрғаны ыңғайлы.

Қазақстандықтар мен ресейліктер үшін дастарханның біздің елімізде қалыптасқан дәстүрге сай жайылғаны жақсы. Яғни, ортаға қойылған тағамдарды жеп, пиаламен шай ішіп, тіпті, қолмен де тамақ жеуге болады. Әрине, сорпа, борщ секілді тағамдарды жеке тарелкамен ішкен дұрыс.

Мына бір жәйтті де естен шығармағаныңыз жөн. Мангалды үстелдің жанына немесе сөренің қасына қоюға болады. Дұрысы, оны аспалы шатырдың астына орналастыру. Ерте ме, кеш пе, Сіздің қонақтарыңыз шоққа қақталған балық немесе кәуәп жегісі келетіні анық.

Сіздің өзіндік фирмалық тағамыңыз болса, тіпті жақсы. Себебі, бұл сіздің визиткалық картаңыз іспеттес болмақ. Сол кезде сізді қонақтарыңыз үнемі «Балтабаевтар жанұясында дәмді бешбармақ пен бауырсақ жегенбіз» немесе «Есіңде ме, Вера Павловнаның омартасындағы бал қандай керемет еді» деп ерекше тебіреніспен естеріне алатын болады.

Ыдыс-аяқтың таза болуына мұқият көңіл аударыңыз. Әсіресе, шай мен спирттік ішімдіктерге арналған ыдыстарға мән бергеніңіз жөн. Сүлгілерді де аямағаныңыз абзал.



*Традиционная казахская ложка для угощения гостей*



*Казахские угощения*

## ГДЕ МЫТЬСЯ? СНАБЖЕНИЕ ВОДОЙ

Туристы – городские жители и привыкли ежедневно принимать душ. В наших условиях душ вряд ли у кого есть. Обычно есть баня. Баня – это украшение сельского туризма, Ваш «козырь». Истопленная берёзовыми дровами, да с веничком!... Что может быть лучше для души и тела, измученного городской жизнью!..

Лучше, если в бане, помимо парной, есть моечная, где не жарко и удобно мыться. Или просто ополоснуться.

Есть любители париться каждый день даже летом. Веники применяют берёзовые или пихтовые (из молодой пихты). Можно вязать веники с травками: душицей, чабрецом. Запах – «дух» в бане будет божественный!

Если у Вас есть водопровод, то для подогрева воды для душа или кухни в летнее время очень удобно соорудить солнечный нагреватель воды. Он очень простой. Вы все знаете обычную солнечную воскотопку у пчеловодов. Температура в ней поднимается до 100 градусов. На основе её и делается водонагреватель. Возьмите водяную батарею или изогнутую металлическую трубу и поместите её в ящик, выкрашенный внутри и снаружи чёрной краской (кузбасслак). Сверху ящик закрывается стеклом. Через батарею – трубу проходит вода, которая сильно нагревается и которую можно использовать. Китай производит такие специальные нагреватели.

## ҚАЙДА ЖУЫНУҒА БОЛАДЫ? СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Туристер де, қала тұрғындары да күнделікті себезгі (душ) қабылдап үйренген. Біздің жағдайымызда себезгінің болуы екіталай. Әрине, монша бар. Ауыл туризмінің сәні де, Сіздің көзіріңіз де – осы монша. Сіз моншаңызды жағу үшін қайың ағашын қолданып және де оның сібірткісін де пайдалануыңызға болады! Адамның денесі мен көңіл-күйі үшін бұдан артық не болсын!

Моншада соғынатын, қыздырынатын жерден бөлек жуынуға (шайынуға) қолайлы, аса ыстық емес орынның болғаны да абзал.

Сондай-ақ, жаз мезгілінде соғынуды жақсы көретін жандар үшін қайың жапырағынан немесе пихтадан жасалған сібірткіні қолдануға болады. Тіпті, шөптен жасалған сібірткіні де пайдаланған артықтық етпейді. Сол кезде монша ішін тамаша хош иіс кернейтін болады.

Егер де сізде су құбыры болса онда асүй мен себезгідегі суды жазғы уақытта күн арқылы жылытуға болады. Ол - өте қарапайым тәсіл. Сіздердің бәрлеріңіз де омарташылардың кәдімгі күн – балауыз отынын жақсы білесіздер. Оның температурасы 100 градусқа дейін көтеріледі. Осының негізінде су жылытқышты дайындауға болады. Су батареясын немесе иілген метал трубасын алып, іші-сырты қара бояумен (кузбаслак) сырланған жәшікке орналастыңыз. Сосын жәшіктің беті әйнекпен жабылады. Батерея - құбыр арқылы өтетін су қатты қызады, содан кейін оны қолдануға



*Предбанник - раздевалка с вениками и травами*




*Схема простейшего солнечного нагревателя воды*

Вообще водопровод очень важная деталь для приёма гостей. Количество воды возрастает во много раз.  А если учесть, что Вашим гостям придётся иногда постирать какие-то мелкие вещи одежды… Придётся много мыть посуды, использовать в бане.

Водопровод можно на летнее время провести из ближайшей речки или ручья, прокинув шланг и поместив в яму небольшой и недорогой насос погружного типа.

У нас есть такой водопровод, и мы планируем поставить в баню и летнюю кухню, помимо солнечных нагревателей, электрические водонагреватели – бойлеры. В бане – для душа, а на кухне для мытья посуды.

В этом случае туристы могут принимать душ в любое время. А мытьё на кухне горячей водой сильно облегчит этот процесс. Особенно осенью, когда холодно, или идёт дождь или снег.



*В предбаннике можно установить стиральную машину*

болады. Қытайда осындай арнайы қыздырғыштар жасап шығарылады.

Су құбырының да қонақтарды күту кезіндегі маңызы ерекше. Әрине, Сіздің қонақтарыңыздың жуатын ұсақ-түйек киімдері болатыны белгілі. Бұған ыдыс-аяқтарды жууды, моншаға түсуді қосыңыз. Мұндай жағдайда тұтынатын судың көлемі де бірнеше есеге ұлғаяды.

Су құбырын жазғы уақытта жақын маңдағы өзендер мен бұлақтардан шланг арқылы тартып, сосын шағын шұңқыр қазып, сорғыны соған орналастыруға болады.

Бізде мұндай су құбыры бар. Монша мен жазғы асханаға күн қыздырғыштарымен қоса электр су қыздырғыштары - бойлерлерді орнатуды жоспарлап отырмыз. Моншада оны себезгі (душ) үшін, ал асханада ыдыс-аяқ жуу үшін пайдалануға болады.

Мұндай жағдайда туристер кез келген уақытта себезгіге түсе алады. Ал асханада ыстық суды тұтыну бұл жұмысты жеңілдетеді. Әсіресе, күздің қара суығында, немесе қар, жаңбыр жауған кездері.



*Парная с широким полком и подголовником*



*Моечная*

## БЛАГОУСТРОЙСТВО ДВОРА

Очень хорошо, если Вы украсите свой двор и территорию цветами, какими-то причудливыми скульптурными формами, вьющимися растениями. Это довольно распространено у нас в Катон-Карагае. Практически у всех хозяек есть цветники, текут арычки, чисто выметен двор.

Много таких украшений мы видели в Венгрии, Словакии, Чехии, Германии и Австрии во время стажировки в 2014 г.

Тем не менее, хочется обратить внимание на следующие детали.

• Свет во дворе.

• Свет в туалете,

• Дорожки к туалету, бане и др. отсыпаны гравием, вымощены камнями, досками или чурочками. – Так, чтобы в дождливую погоду не было грязи.

• Трава во дворе выкошена.

• Стоянка для автомобиля (гараж) подготовлены.

• Скотный двор, коровник, конюшня приведены в порядок, вычищены и отремонтированы. Для горожанина очень интересно увидеть, как «получается» молоко – дойка коровы. Самому попробовать доить. Дети с большим интересом знакомятся с домашними животными: коровой, конями (особенно с жеребятами), курами. Кормят их. Им интересен Ваш огород и сад. – То, чего в городе нет.

Очень полезно организовать место, где можно пожарить шашлыки со скамейками и столом.

## АУЛАНЫ АБАТТАНДЫРУ

Егер Сіз өз аулаңыз мен аула аумағын әсем гүлдермен, түрлі кейіптегі мүсіндермен, өсімдіктермен безендіріп қойсаңыз тіпті тамаша. Бұл біздің Катонқарағайда кеңінен таралған. Былайша айтқанда, барлық үйде гүлдер жайқалып өсіп тұр, сылдырлап бұлақ ағып жатыр. Аула мұнтаздай таза.

Мұндай әсем безендірулерді біз 2014 жылы Венгрия, Словакия, Чехия, Германия және Австрия елдеріне тағылымдамаға барған кезде көрдік.

Дегенмен де мынадай детальдарға назар аудару керек.

• Аулада жарықтың болуы.

• Дәретханада жарықтың болуы.

• Дәретханаға, моншаға және тағы басқа жерлерге баратын жолдарға тастар, тақтайшалар төселуі керек. Неге? Ауа-райы қолайсыз, әсіресе, жаңбырлы күндері батпақ болып, қонақтардың киімі былғанбас үшін.

• Ауладағы шөптердің қырқылып тұрғаны жөн.

• Көліктерге арналған тұрақ (гараж) дайын болуы қажет.

• Мал тұратын аула, сиырқора мен атқораны тәртіпке келтіріп, тазалап қойған жөн. Қалалықтарға сиыр сауу үрдісін көрудің өзі қызық. Өздерінің де сауып көргісі келеді. Тауық, сиыр, жылқы (әсіресе, құлын) секілді жан жануарлармен жақын танысу, оларға қолдан тамақ беру балалар үшін өте қызық. Сіздің бау-бақшаңыз да олар үшін қызық.

Өйткені, қалада мұндай жоқ.

Мүмкіндік болса, шашлық пісіріп жеуге қолайлы орын (орындығы, үстелі бар) әзірлеп қойған дұрыс.



*Двор в Урыле*



*Дорожка, вымощенная буковыми чурками. Словакия*



*Оформление двора в Словакии*



*Стара телега - украшение двора. Словакия*



*Вазон из старой бочки. Словакия*



*Оформление двора в Словакии*

## ЧЕМ РАЗВЛЕКАТЬ ГОСТЕЙ?

К Вам приезжают туристы, чтобы познакомиться с окружающей природой, историческими и культурными памятниками, народными традициями и др. Выясните, что их интересует. У нас были туристы, которые хотели просто тишины (без телевизора!), простой пищи, прогулок около села, почитать книгу на берегу Бухтармы. Были и научные экспедиции, которые интересовались насекомыми, народными традициями, растениями и др.

Для обычного «рядового» туриста могут быть интересными следующие виды развлечения.

• Посещение исторических и культурных мест, памятников природы. По данной теме нами подготовлено специальное руководство.

• Рыбалка. Здесь могут быть или настоящие рыбаки, для которых важно поймать крупную трофейную рыбу, или просто попробовать «покидать» удочку – мошку. - Авось что-нибудь попадётся! Очень приятно будет организовать на берегу реки пикничок – обед. А если получится приготовить уху, то совсем будет отлично!

• Конные прогулки (путешествия). Почти каждый турист мечтает прокатиться и сфотографироваться на коне. И, естественно, почти каждый житель Катон-Карагая сможет ему помочь в этом деле. Но Вам надо будет обязательно предупредить – проинструктировать туриста, как себя вести с конём. Конь должен быть спокойным и здоровым. Вы хорошо знаете, что конь может быть опасен. Для начала мы страхуем туристов: держим их коня на аркане, чтобы конь не «понёс». Лучше, если туристы потренируются несколько раз с Вашей помощью, а потом смогут самостоятельно делать прогулки верхом.

## ҚОНАҚТАРДЫҢ КӨҢІЛІН ҚАЛАЙ КӨТЕРУГЕ БОЛАДЫ?

Табиғатпен, тарихи-мәдени ескерткіштермен және халықтың дәстүрлерімен танысу үшін Сізге турист келді делік. Әуелі оларды не қызықтыратынын сұрап алу керек. Бірде бізге туристер келді, олар тыныш жерде (теледидары жоқ) демалғысы келетінін айтып, қарапайым тамақтарды жеп, ауылдың маңында серуендеп, Бұқтырма жағасында кітап оқыды. Кейбір туристерге ғылыми экспедиция ұйымдастырып, халықтың дәстүрлерімен, өсімдіктер мен жәндіктермен таныстырған кездеріміз де болды.

Қатардағы, қарапайым туристер үшін көңіл көтерудің мынадай түрлері қызық болуы мүмкін.

• Табиғи ескерткіштер, тарихи және мәдени орындарды аралау. Бұл бағытта біз арнайы топ жасақтадық.

• Балық аулау. Олардың арасында тек үлкен балықтарды аулағысы келетін кәсіби балықшылардың болуы да, немесе суға ау тастап, балықтардың тамақ жегенін қызық көретін әуесқой туристер де болуы мүмкін. Кім біледі, олардың олжалы болып қалуы да мүмкін ғой. Осындай сәттерде өзен жағасына шағын дастархан жайып жіберсеңіз тіпті жақсы. Ал егер балық сорпасын әзірлеп жіберсеңіз туристер үшін бұдан артық қуаныш болмас еді.

• Атпен серуендеу (саяхаттау). Атпен серуендеп, серуендеп қана қоймай, суретке түсуді армандамайтын турист жоқ шығар. Бұл ретте Катонқарағайдың кез келген тұрғыны туристерге қол ұшын соза алатыны анық. Алайда Сіз туристке атқа қалай отырып, қалай жүру керектігін, өзін қалай ұстау қажеттігін міндетті түрде ескертіп, түсіндіруге тиіссіз. Туристер мінетін ат жуас әрі жүрдек болғаны жөн. Ат қанша







Могут найтись туристы, желающие совершить длительное путешествие на несколько дней с ночёвкой.

• Посещение пасеки или фермы. Для туристов будет интересно  побывать на пасеке и ферме, где содержат скот. Посмотреть, как варят курт, готовят кумыс.

• Сбор грибов, ягод, шишек, лечебных трав.

• Экскурсии по селу, в магазин, мечеть, школу.

• Организация ночёвки на берегу Бухтармы в палатке, с костром.

• Будет интересным побывать туристам на свадьбе или дне рождения, которые проходят по местным обычаям.

жерден жуас болса да қатты сенуге болмайды. Сондықтан алғашқы кезде сақтық жасап, туристерді сүйретіп немесе құлатып тастамас үшін атты арқан арқылы жүргізген жөн. Мүмкіндігінше әуелде туристерге атпен қалай жүруді үйретіп, аттың шылбырынан ұстап, кейін өз беттерінше серуендеуге жіберуге болады.

Атқа отырып алып бірнеше күн серуендегісі келетін (түнде қона жүріп) туристер де табылуы мүмкін.

• Ара шаруашылығына немесе фермаға бару. Мал бағылатын фермаларға немесе ара шаруашылығына барып, құрттың қалай дайындалатынын, биенің қалай сауылып, қымыздың қалай әзірленетінін көру  де көптеген туристерді қызықтырады.

• Саңырауқұлақ, жидек, шишек, дәрілік шөптерді жинау.

• Мектепке, мешітке, дүкенге, ауылға экскурсия жасау.

• Бұқтырма жағасына шатыр тігіп, алау жағып, түнде осы жерде қонуды ұйымдастыру.

• Жергілікті дәстүрлер бойынша өтетін тойлар мен туған күндерге туристерге алып барудың да олар үшін әсері бөлек.





## КАК ПРИВЛЕЧЬ - ПОЛУЧИТЬ ТУРИСТА? СИСТЕМА ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ.

Это одна из самых важных проблем, которая стоит перед каждым предпринимателем – хозяином «гостевого дома».

Обычно, особенно на первоначальном этапе деятельности, находят партнёра - солидную туристическую фирму. Она будет поставлять Вам туристов, беря за это «свой процент». Это очень удобно, особенно в том случае, когда у Вас нет интернета. Что и наблюдается в Катон-Карагае.

Потом Вы можете создать свой сайт и работать самостоятельно, или сочетать оба варианта. Связь с туристами можете осуществлять по телефону.

Скорее всего, здесь оптимальным будет такая схема, с которой мы познакомились в Словакии. Существует координатор, обладающий интернетом и опытом работы. Он осуществляет и поддерживает связь с туристами – клиентами. И в зависимости от того, что нужно туристам, распределяет их по гостевым домам за небольшую плату.

В качестве примера можно привести вариант, когда планирует приезд большая группа туристов в 15-20 человек. Я их принять не могу. А у моего знакомого есть такая возможность. Я группу направляю к нему.

Или же человек хочет пожить на пасеке. В этом случае я его отправляю на пасеку.

Позже Вы наработаете своих туристов, которые будут рекомендовать Вас своим знакомым. Это лучший вид рекламы.

## ТУРИСТЕРДІ ҚАЛАЙ ТАРТУҒА БОЛАДЫ? ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ЖҮЙЕСІ

Бұл - әрбір кәсіпкердің (қонақжай иесінің) алдында әрдайым тұратын маңызды іс.

Әдетте іскерліктің алғашқы кезеңдерінде сенімді серіктес ретінде салмақты туристік фирмалардың бірімен байланыс жасайсыз. Олар өздеріне тиесілі пайыздарын ала отырып Сізге туристерді жібереді. Бұл оларға өте қолайлы, өйткені, Сізде интернет жоқ. Әсіресе, Катонқарағайда.

Кейін Сіз өз сайтыңызды ашып, өз қалауыңызша жұмыс істей бастайсыз. Немесе екі нұсқамен да жұмыс істейсіз. Туристермен телефон арқылы да байланыс жасауға болады.

Біздің ойымызша, Сізге біз Словакияда танысқан мынадай жүйе қолайлы болатын шығар. Интернетті жетік білетін, жұмыс тәжірибесі бар үйлестіруші қажет. Ол туристермен – тұтынушылармен байланыс жасап отырады. Қызмет көрсетуіне орай аз-маз ақысын алып, туристерді қонайжайларға бөледі.

Мысал ретінде мынадай нұсқаны айтуға болады. Мәселен, 15-20 адамнан тұратын туристер келгелі жатыр делік. Менің оларды қабылдауға, күтуге мүмкіндігім жоқ. Ал менің танысымда мұндай мүмкіндік бар. Мен жаңағы туристерді танысыма жіберемін.

Кейбір туристер ара шаруашылығына барып, сол жақта болғысы келуі мүмкін. Мұндай жағдайда мен оны сол жаққа жіберемін.

Кейіннен Сіз Сізге келіп демалған туристердің (олардың ұсынуымен) таныстарымен жұмыс істейтін боласыз. Жарнаманың ең жақсы түрі – осы.



## КАКУЮ ОПЛАТУ МОЖНО ЗАПРОСИТЬ У ТУРИСТОВ ЗА ВАШ ПРИЁМ?

Это сложный и деликатный вопрос.

Здесь Вы предлагаете - «продаёте» два вида «товара»: природу и услуги (проживание, питание, развлечения).

Природа имеет наивысшую оценку, поскольку территория Катон-Карагайского национального парка и Маркакольского заповедника внесены в Список Всемирного природного наследия ЮНЕСКО.

Услуги могут значительно различаться. Многое зависит от того, что Вы предлагаете и на какого туриста – клиента Вы ориентируетесь. Некоторые туристы могут спать в своём спальном мешке и питаться лапшой быстрого приготовления. Они и платить вряд ли смогут. Скорее всего, Вы им сами дадите деньги на дорогу.

Другие готовы платить приличную сумму. Но и требования у них могут быть серьёзные.

Здесь, как и везде, действует принцип рынка. Цена формируется в сравнении с аналогичными условиями. Если примерно за такие услуги, как у Вас платят определённую сумму, то почему бы Вам не запросить аналогичную?

Здесь ещё есть и такая особенность: Вам, очевидно, выгоднее принять меньшее количество людей за большую сумму, нежели большее количество людей за ту же сумму. – Мороки меньше, а результат тот же.

Тем более нужно учесть, что заботы по хозяйству: сенокос, уборка картофеля, уход за скотом и пр. остаются в том же объёме и занимают огромное количество времени.

Многое значит, что Вы можете предложить: накормить, предоставить ночлег, баню, организовать хорошую рыбалку, организовать экскурсию, где Вы сможете интересно и со знанием дела рассказать о данном событии. Это всё стоит деньги. А на соседней турбазе этого нет. Вот и считайте…

## СІЗ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТКЕНІҢІЗ ҮШІН ТУРИСТЕРДЕН ҚАНША КӨЛЕМДЕ АҚЫ ТАЛАП ЕТУГЕ БОЛАДЫ?

Бұл - күрделі әрі нәзік мәселе.

Сіз бұл жерде «тауардың» екі түрін ұсынасыз: табиғатты және қызмет көрсету түрлерін (жатын орын, тамақ, көңіл көтеру).

Әрине, табиғатты бағалау қиын. Әсіресе, ЮНЕСКОНЫҢ әлемдік табиғи мұралар тізіміне енген Катонқарағай ұлттық саябағы мен Марқакөл қорығының аумағы секілді керемет жерлерді.

Қызмет көрсету де әртүрлі болуы мүмкін. Мәселе – Сіздің қандай тұтынушыны таңдағаныңызда және оларға нендей дүниені ұсына білуіңізде. Жылдам әзірленетін кеспені жеп алып, бөлмесінде жылы оранып жатқанды жақсы көретін де туристер де болады. Олардан пайда аз. Керек болса, олардың жолына ақша беруіңіз де мүмкін.

Ақшаның көзіне қараймайтын туристер де болады. Бірақ соған сай олардың сұранысы да жоғары болады.

Бұл жерде нарық ұстанымы салтанат құрады. Баға соған қатысты қалыптасады. Мәселен, Сіздерде осындай қызметтер үшін белгілі бір сома төленетін болса, дәл соншалықты төлемді неге сұрамасқа?

Бұл жерде мынадай да ерекшеліктер бар: әрине, сізге үлкен сомаға аз ғана адам қабылдағаннан осы сомаға көп адамды қабылдағанның артық көрінетіні анық. Өйткені, жұмыс – аз, ал нәтижесі соншалықты.

Оның үстіне шаруашылықпен айналысуға (шөп шабу, картоп жинау, малға қарау) кеткен уақытыңызды есепке алыңыз.

Барлығы Сіздің көрсеткен қызметіңізге (тамақтандыру, жатар орын ұсыну, моншаға түсіру, балық аулауға апару, экскурсия жасау) және ол қызметті қалай көрсеткеніңізге де байланысты. Мұның бәрі – ақша. Ал көрші туристік базада мұндайдың бірі де жоқ. Енді ақшаны санай беріңіз...



## СОДЕРЖАНИЕ


ВВЕДЕНИЕ. Что такое «сельский туризм» и «гостевой дом»? 3
ТУРИСТЫ: кто и откуда. Что они хотят. Сельская жизнь. Домашняя пища (молоко и пр.). Домашние животные. Природа. История этих мест. 4
ТУАЛЕТ 6
ТРЕБОВАНИЯ К ВАШЕМУ ДОМУ 8
ЧЕМ И КАК КОРМИТЬ? 12
ГДЕ МЫТЬСЯ? СНАБЖЕНИЕ ВОДОЙ 16
БЛАГОУСТРОЙСТВО ДВОРА 18
ЧЕМ РАЗВЛЕКАТЬ ГОСТЕЙ? 20
КАК ПРИВЛЕЧЬ - ПОЛУЧИТЬ ТУРИСТА? СИСТЕМА ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ. 22
КАКУЮ ОПЛАТУ МОЖНО ЗАПРОСИТЬ У ТУРИСТОВ ЗА ВАШ ПРИЁМ? 23


## МАЗМҰНЫ


КІРІСПЕ. «Ауылдық туризм» және «қонақжай» дегеніміз не? 3
ТУРИСТЕР: олар кімдер, қай жақтан? Олар нені қалайды? Ауыл өмірі. Үй тағамдары (сүт және т.б). Үй жануарлары. Табиғат. Бұл жердің тарихы. 4
ДӘРЕТХАНА 6
СІЗДІҢ ҮЙІҢІЗГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР 8
ҚАНДАЙ ТАМАҚПЕН ЖӘНЕ ҚАЛАЙ ТАМАҚТАНДЫРУ ҚАЖЕТ? 12
ҚАЙДА ЖУЫНУҒА БОЛАДЫ? СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ 16
АУЛАНЫ АБАТТАНДЫРУ 18
ҚОНАҚТАРДЫҢ КӨҢІЛІН ҚАЛАЙ КӨТЕРУГЕ БОЛАДЫ? 20
ТУРИСТЕРДІ ҚАЛАЙ ТАРТУҒА БОЛАДЫ? ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ЖҮЙЕСІ 22
СІЗ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТКЕНІҢІЗ ҮШІН ТУРИСТЕРДЕН ҚАНША КӨЛЕМДЕ АҚЫ ТАЛАП ЕТУГЕ БОЛАДЫ? 23